

Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2026 жылғы 24 сәуірдегі № 236 шешімі

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ардагерлер туралы", "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Нұра аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 159 "Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6766-09 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұра аудандық мәслихатының төрағасы

К.Жунусбеков

Нұра аудандық мәслихатының
2026 жылғы 24 сәуірдегі
№236 шешіміне қосымша

Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмекті көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың

үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – ауданның, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандыру объектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек біржолғы және (немесе) мерзімді түрде (ай сайын, тоқсан сайын, жылына бір рет) көрсетіледі, өтініш берілген айдан бастап жүзеге асырылады.

Бірнеше негіз болған жағдайда мереке күндеріне және атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек бір негіз бойынша ғана тағайындалады.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндерінің және атаулы күндерінің тізбесі :

1) 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күні;

2) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

3) 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою күні;

4) 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні;

5) 9 мамыр – Жеңіс күні;

6) 1 қазан – Қарттар күні;

7) Қазан айының екінші жексенбісі – мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау күні;

8) 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

6. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін жергілікті атқарушы органдар бекітетін ережелер негізінде жүзеге асырады.

2- тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Мереке күндері мен атаулы күндерге әлеуметтік көмек бір рет азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

1) 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күні:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындаевых қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерді ұрыс қимылдары кезеңінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, ауруы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған және бұрын "Батыр Ана" атағын алған I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға, сондай-ақ құрамында төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

3) 26 сәуір - Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою күні:

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқандарға, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

4) 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні:

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

1992 жылдың қыркүйегі мен 2001 жылдың ақпаны аралығында Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерге – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

2003 жылдың тамызы мен 2008 жылдың қазаны аралығында Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерге – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

1986 және 1991 жылдар аралығында Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларға – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

5) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі-КСР Одағын) Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген, екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына (зайыбына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста

мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адам деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына (зайыбына) – 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істегендерге және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған адамдарға – 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

6) 1 қазан – Қарттар күні:

75 және одан жоғары жастағы зейнеткерлерге – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

7) Қазан айының екінші жексенбісі – мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау күні:

I, II, III топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

8) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

саяси қуғын-сүргін құрбаны мәртебесі бар 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарға – 95 (тоқсан бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқаны үшін қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданыстағы тәртібі сақталатын осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасағының өміріне қол сұғқаны үшін сотталған адамдарды қоспағанда – 95 (тоқсан бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем.

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органың келісімі бойынша біріңғай мөлшерде белгіленеді.

8. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек келесі санаттарға көрсетіледі:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, босатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей жүгінген және пробацзия қызметінің есебінде тұрған адамдарға, жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күнкөріс деңгейінің 1,0 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда – біржолғы 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, он сегіз жасқа толғанға дейін, жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күнкөріс деңгейінің 1,0 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда – біржолғы 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) қарттық жасына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдарға, жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күнкөріс деңгейінің 1,0 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда – біржолғы 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) өмірлік қиын жағдайда, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі бар азаматтарға (отбасыларға):

-туберкулезбен ауыратын адамдарға – жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмағанда 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет төленеді;

-адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне әлеуметтік көмек ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай тағайындалады, тиісті қаржы жылына арналған ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде төленеді;

-"Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21263 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығының тізбесінде көрсетілген әлеуметтік көмек ең төменгі күнкөріс деңгейіне бір еселік қатынаста шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысты ескере отырып, бір рет 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді;

-табиғи зілзаланың салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) табиғи зілзала орын алған жер бойынша, осы жағдай туындаған күннен бастап алты ай ішінде тұрғын үйдің (тұрғын құрылыстың) меншік иелерінің біріне жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбастан 100 (жүз) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі;

-өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) өрт орын алған жер бойынша, осы жағдай туындаған күннен бастап алты ай ішінде тұрғын үйдің (тұрғын құрылыстың) меншік иелерінің біріне жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбастан 150 (жүз елу) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Дүлей зілзала немесе өрт салдарынан мүлікке зиян келгенде әлеуметтік көмек меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан зиян тиген мүлік орналасқан жер бойынша көрсетіледі.

5) Нұра ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленіп және оқып жатқан балалары бар "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көпбалалы аналарға, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтер негізінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Төлем күнтізбелік жылда бір рет (ағымдағы жылдың қазан айындағы жағдай бойынша) әрбір балаға 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады.

6) қатты отынды сатып алуға тиісті қаржы жылына белгіленген 2 (екі) ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа кіріс болуы, сондай-ақ оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда, жергілікті (пештік) жылытатын жеке тұрғын үйде тұратын, оның жеке меншік иесі (жалға алушысы) немесе жеке меншік иесінің отбасы мүшелері (жалға алушысы) болып табылатын жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалардың қамқоршыларына, көп балалы аналарға және көп балалы отбасыларға, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтарға, толық емес отбасыларға, АӘК алушыларына – жылыту маусымына 16 (он алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем;

7) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға санаторий-курорттық емделуден өту кезінде алып жүруге жұмсалған шығындарды өтеу үшін, табысына қарамастан, жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну жөніндегі іс-шара жеке абилитация және оңалту бағдарламасында болған жағдайда, жылына бір рет халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде;

Осы тармақшаның қолданылуы:

-еңбек жаракатын немесе кәсіптік ауруды жұмыс берушінің кінәсінен алған мүгедектігі бар адамдарға;

-жеке абилитация және оңалту бағдарламасына сәйкес санаторий-курорттық емделу ұсынылған мүгедектігі бар адамдарға қолданылмайды;

8) "Ардагерлер туралы" Заңының 3-бабының 1-тармағына сәйкес ардагерлерге растайтын құжаттар (орындалған жұмыстар актісі, шот-фактура және фискалдық төлем

чегі) негізінде мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген санаторий-курорттық емдеудің кепілдендірілген сомасынан аспайтын кірістерді есепке алмағанда, жылына 1 рет 14 күннен аспайтын санаторий-курорттық емдеуге жұмсалған шығындарды өтеуге.

Санаторлық-курорттық емделуге жеке абилитация және оңалту бағдарламасы әзірленген мүгедектігі бар ардагерлерге санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек төленбейді;

9) жетпіс жастағы және одан асқан зейнеткерлерге, жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" заңда белгіленген күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, жылына бір рет санаторий-курорттық ұйымда 12 күнге дейін болу құнын өтеу түрінде, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде (жеке абилитация және оңалту бағдарламасына сәйкес санаторий-курорттық емделу ұсынылған мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда).

Бірнеше негіз болған кезде санаторий-курорттық емделуге әлеуметтік көмек тек бір негіз бойынша тағайындалады.

Әлеуметтік көмек санаторий-курорттық емделуден өткен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей, нақты жұмсалған шығындар шегінде, мынадай құжаттар қоса берілген өтініш негізінде көрсетіледі:

жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

шот-фактура;

орындалған жұмыстар актісі;

тұлғаның (отбасының) табыстары туралы мәліметтер (табысы ескерілетін санаттар үшін);

екінші деңгейдегі банктегі немесе "Қазпочта" акционерлік қоғамындағы шот нөмірі туралы мәліметтер.

Санаторий-курорттық емделу орнына дейін және кері жол жүру шығындары санаторий-курорттық ем алушының өз қаражаты есебінен төленеді.

10) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқандарға, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың

балаларына – Мемлекеттік корпорация филиалы қазан айында жылыту маусымына ұсынған тізімдер бойынша азаматтардан өтініштер талап етілмей 24 (жиырма төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі кірістерді есепке алмағанда, біржолғы төлем.

9. Әлеуметтік көмектің мөлшерін әрбір нақты жағдайда әлеуметтік көмекті тағайындаудың қажеттілігі туралы қорытындыда көрсете отырып, арнайы комиссия айқындайды.

Әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 181 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32609 болып тіркелген) сәйкес есептеледі.

Отбасы құрамы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларының 10-тармағына сәйкес айқындалады.

Отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы есептік кезеңдегі (алдыңғы тоқсан) отбасының жиынтық табысын осы кезеңдегі айлар санына (үш ай) және отбасы мүшелерінің санына бөлу арқылы есептеледі.

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек, егер олар толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болса, көрсетілмейді.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

10. Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай әлеуметтік көмек оны алушылардан өтініштер талап етілмей көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алушылардың санаттарын жергілікті атқарушы орган айқындайды.

Әлеуметтік көмекті алушылардың тізімдері мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады.

11. Әлеуметтік көмек Үлгілік қағидалардың 12 – 20 тармақтарына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде көрсетіледі.

12. Мынадай:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артық болған;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартылады.

13. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру Нұра ауданының бюджетінде көзделген, ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударарды.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударарды.

Әлеуметтік көмекті есептеу және көрсету кезінде тиынмен есептелген барлық сомалар тиын сомасына қарамастан, бір теңгеге дейін дөңгелектеледі.

14. Мынадай:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен;
- 3) алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына тұруға жіберілген;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы Үлгілік қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

15. Әлеуметтік көмектің артық төленген сомалары ерікті түрде қайтарылады, заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

16. Әлеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеу мен есепке алуды әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

17. Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган зейнетақы мен жәрдемақы алатын (белсенді) азаматтардың мәліметтерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастама жасайды.

Зейнетақы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар жөніндегі мәліметтер Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

18. Әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті мемлекеттік корпорация арқылы төлеу процесіне бастама жасайды.

19. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім негізінде мемлекеттік корпорация:

біржолғы төлемдер бойынша – күн сайын;

ай сайынғы және тоқсан сайынғы төлемдер бойынша төлем жасалатын айдың алдындағы айдың 27-і күні әлеуметтік көмек төлеу үшін бюджет қаражатына сұранысты қалыптастырады.

20. Сұраныс қалыптастырылғаннан кейін мемлекеттік корпорация келесі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім жібереді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

Айдың 27-і күнінен кейін түскен әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомалары туралы өтінімдер бойынша ақшалай қаражатты әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган келесі айдың 1-і күнінен кейін мемлекеттік корпорацияға аударады.

21. Мемлекеттік корпорация трансферттер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем кестесіне сәйкес төлем тапсырмаларын қалыптастырады және алушылардың банктік шоттарына төлеуді жүзеге асырады.

22. Әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан әлеуметтік көмек сомасы қайтарылған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан мәліметтер алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізеді.

23. Мемлекеттік корпорация ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік көмектің артық есептелген (төленген) сомаларын әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға аударады.

24. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК